



МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге, оқушылардың тарихи санасын қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту және отансүйгіштікке тәрбиелеу. Бейнелеу өнеріндегі дарынды оқушыларды анықтау және оларға қолдау көрсету мақсатында Шоқан Уәлихановтың туғанына 190 жыл толуына орай «Терең тарихтан - жарқын болашаққа» атты аудандық сурет байқауы сырттай ұйымдастырылып өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Байқауға 10-17 жас аралығындағы жалпы білім беру мекемелерінің оқушылары (*жасұландықтары мен жасқырандықтар*) қатыса алады.

Қатысушылар жас ерекшелігіне қарай 2 топқа бөлінеді:

- I топ: 10-13 жас (*әр мектептен 1 қатысушы*)

- II топ: 14-17 жас (*әр мектептен 1 қатысушы*)

Байқауға қатысу үшін өтінімдер мен жұмыстар №1 қосымша сәйкес 2025 жылдың 07 қарашасы күнінен кешіктірмей жіберу қажет.

Байқаудың ережесі қосымша тіркелген.

Қосымша: 3 парақта (*байқаудың ережесі*)

Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы

М.Сванов

Орындаған: Г.Ногайбаева

Тел: 2-14-10

**«Терең тарихтан - жарқын болашаққа»
атты аудандық сурет байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы ереже Шоқан Уәлихановтың туғанына 190 жыл толуына орай ұйымдастырылатын «Терең тарихтан - жарқын болашаққа» атты аудандық сурет байқауының мақсаты мен міндеттерін, өткізу тәртібін белгілейді.
- 1.2. Байқауды аудандық білім бөлімі ұйымдастырады.
- 1.3. Осы ереже байқауға қатысуға үміткерлерге танысу үшін беріледі.

II. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Байқаудың мақсаты:

Оқушылардың тарихи санасын қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту және отансүйгіштікке тәрбиелеу. Бейнелеу өнеріндегі дарынды оқушыларды анықтау және оларға қолдау көрсету.

2.2. Байқаудың міндеттері :

1. Шоқан Уәлихановтың өмірі мен ғылыми мұрасын тереңірек таныстыру;
2. Оқушылардың тарихқа деген қызығушылығын арттыру, зерттеушілік көзқарас қалыптастыру;
3. Жас ұрпақтың шығармашылық қабілетін дамыту және көркемдік ойлауын жетілдіру;
4. Сурет арқылы тарихи тұлғаның образын жеткізуге машықтандыру;
5. Туған елінің тарихи тұлғаларын мақтаныш етуге тәрбиелеу;
6. Қатысушылар арасында достық пен ынтымақтастықты нығайту.

III. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

- 3.1. Байқауға 10-17 жас аралығындағы жалпы білім беру мекемелерінің оқушылары (жасұландықтары мен жасқырандықтар) қатыса алады. Қатысушылар жас ерекшелігіне қарай 2 топқа бөлінеді:

- I топ: 10-13 жас
- II топ: 14-17 жас.

Байқау аудандық білім бөлімінің базасында **2025 жылдың 11 қараша күні өткізіледі.**

IV Байқауға қатысушыға қойылатын талаптар:

4.1 Байқау номинациялары: (қатысушы таңдаулы 1 номинация бойынша жұмыс ұсына алады)

1. «Шоқан – саяхатшы және зерттеуші»

Бұл номинацияда қатысушылар Шоқан Уәлихановтың саяхаттары мен ғылыми экспедицияларын сурет арқылы бейнелейді.

- Жетісу, Қашғар сапарлары
- Табиғат көріністері мен этнографиялық зерттеулер
- Көшпелі өмір, халық тұрмысы, тарихи ескерткіштер

2. «Ғалым бейнесі – ұрпаққа өнеге»

Бұл бағытта оқушылар Шоқан Уәлихановтың тұлғалық болмысын, ғалым, ағартушы, қоғам қайраткері ретінде бейнелей алады.

- Портреттік жұмыстар
- Шоқанның білімге, ғылымға қосқан үлесін сипаттайтын көріністер
- Өмірлік ұстанымдары мен жас ұрпаққа өнегелі образы

3. «Ұлы дала тарихына саяхат»

Қатысушылар Шоқан Уәлиханов зерттеген немесе сипаттаған қазақ даласының тарихи тұлғалары мен оқиғаларын көркем түрде бейнелейді.

- Тарихи эпизодтар (батырлар, хандар, билер т.б.)
- Қазақ халқының салт-дәстүрі, тарихи киім үлгілері
- Қазақ даласының географиясы мен тарихи жерлер

4. «Шоқан ізімен...»

Бұл номинацияда оқушылар өз қиялындағы немесе заманауи көзқараспен қараған Шоқан Уәлиханов бейнесін бейнелейді.

- Еркін композициялар
- Болашақ ұрпақтың көзқарасымен Шоқан
- Шоқанның идеяларын бүгінгі күнмен байланыстыру

4.2. Суреттер байқау қатысушыларының өзімен орындалуы тиіс;

Суреттер кез-келген материалмен (ватман, қатырма, кенеп және т.б.) және кез-келген сурет салу техникасымен (май, акварель, тушь, түрлі-түсті қарындаштар, борлар және т.б.) орындалуы мүмкін;

(А4 210Х290 бастап А3 420Х580 дейін) жұмыстар жас ерекшелік бойынша: 10-13 жас 1 жұмыс, 14-17 жас 1 жұмыс қосымшадағы сұраныспен қоса 2025 жылдың 07 қарашасы күнінен кешіктірмей білім бөлімінің әдіскері Г.Ногайбаеваға жіберіледі.

V. БАҒАЛАУ ШАРТТАРЫ БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН АНЫҚТАУ

- 5.1. Жеңімпаздарды анықтауға арнайы комиссия құрылады.
- 5.2. Комиссия мүшелері байқаудың мақсаты, міндеттері мен шарттарына байланысты риясыз шешім қабылдауға міндетті.
- 5.3. Комиссия мүшелері шешім шығару барысында осы Ережені негізге алады.
- 5.4. Аудандық жеңімпаздар байқау соңында анықталады.

№1 қосымша

«Терең тарихтан - жарқын болашаққа» атты аудандық сурет байқауына қатысуға СҰРАНЫС

1. Қала, ауданы _____
2. Аты-жөні (толық) _____
3. Толық жасы _____
4. Мектебі, сыныбы _____
5. Номинация атауы _____
6. Тұрғылықты мекен-жайы және байланыс телефоны _____

7. Жетекшісінің аты – жөні _____